

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Архангельск ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 23 қарашадағы № 42 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 11 желтоқсанда № 4423 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Архангельск ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 28 қаңтардағы № 5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Архангельск ауылдық округі әкімінің 28.01.2019 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қызылжар ауданы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 13 қазандағы № 11-11/285 ұсынысы негізінде, Архангельск ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысы. **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Архангельск ауылдық округінің Архангельское ауылында "Ер Агро" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бруцеллез аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімінің
міндетін атқарушысы*

И. Рыбакова